

Заттай нысанда роялти төлеу туралы және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 4 наурыз N 353

"Өнімді табиғи нысанда бөлу туралы келісім-шарттардағы Қазақстан Республикасының роялтилері мен үлестерін белгілеу және оны төлеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қыркүйектегі N 1329 Р971329_ қаулысына сәйкес, сондай-ақ ауыл шаруашылығы экономикасын қолдау және ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерді 2000 жылдың көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын жүргізу кезеңіне жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1041

қаулысымен. Р 0 0 1 0 4 1 _

1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардағы құзыретті орган ретінде Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп:

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес көмірсутекті шикізатты жер қойнауын пайдаланушылардың роялти есептеу кезінде, жер қойнауын пайдаланушылардың төлейтін роялти есебіне шикі мұнай көлемін "Мұнай-Импекс" ЭИФ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - Мұнай-Импекс) беруді қамтамасыз етсін;

жер қойнауын пайдаланушылармен келісім бойынша Қосымша келісімдерде жер қойнауын пайдаланушылардың роялти төлеу есебіне шикі мұнай көлемін беруге белгіленген келісім-шарттағы мерзімдерден ерекше, неғұрлым ерте мерзімдерді белгілесін.

1-1. Жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлеуді бүкіл жыл бойына заттай нысанда жүргізсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.14. N 393

қаулысымен. Р 0 0 0 3 9 3 _

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда, 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1041 қаулысымен. Р001041_

2. Мұнай - Импекс:

1) жер қойнауын пайдаланушылардан кейін олардың сатылуымен заттай нысанда роялтидің есебіне төленетін шикі мұнайдың және одан әрі қайта өңдеуге отандық мұнай өңдеуші зауыттарға берілетін роялти төлемі есебінен алынған шикі мұнайдың мөлшерлерін қабылдасын;

2) жер қойнауын пайдаланушылар есептеген роялтидің сомаларын республикалық бюджетке есептеуді заңдарда роялти төлеу үшін белгіленген мерзімдерде жүргізсін.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.14. N 393
қаулысымен. Р 000393 _

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1041
қаулысымен. Р 001041 _

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.26. N 1131
қаулысымен. Р 001131 _

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Мұнай-Импекстің бюджетке ақшалай түрде роялти төлемінің мерзімін 2000 жылғы 1 қарашаға дейін ұзартуға рұқсат берсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1041
қаулысымен. Р 001041 _

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі:

1) Мұнай-Импекс еркін рынокта жанар-жағармай материалдарының қажетті мөлшерін сатып алуын және көрсетілген мөлшерді Жанар-жағармай материалдарын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге сату жөніндегі операторлардың (бұдан әрі - Сату жөніндегі оператор) Жанар-жағармай материалдарын сатудың бағасын айқындауға арналған ведомствоаралық комиссия белгілеген баға бойынша берілетін тауарлық өнімдердің мөлшері үшін толық алдын ала төлеу шартымен одан әрі сатуын қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен Мұнай-Импекс бірлесіп 15 наурызға дейінгі мерзімде Жанар-жағармай материалдарын сатудың бағаларын айқындауға арналған ведомствоаралық комиссияның құрамы бойынша ұсыныс енгізсін.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.14. N 393
қаулысымен. Р 000393 _

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.10. N 1041
қаулысымен. Р 001041 _

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1) облыстарға Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жанар-жағармай материалдарын сатудың бағаларын айқындауға арналған ведомствоаралық комиссиямен келісім бойынша көктемгі дала және егін жинау жұмыстарының мұқтаждарына берілетін жанар-жағармай материалдары мөлшерлерінің жоғарғы лимиттерін бекітсін;

5-1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлемінің есебіне төлейтін шикі мұнай көлемін сатуы кезінде "Мұнай-Импекс"

ЭИФ" ЖШС үшін мұнай тасымалдауға арналған ішкі тарифтерді қолданатын болсын.

Ескерту. 5-тармақ өзгерді, 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің
2000.07.10. N 1041 қаулысымен. P001041_

2) облыстардың әкімдерімен бірлесіп ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің
алынған жанар-жағармай материалдарын мақсатты пайдалануын бақылауды
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

6. Облыстардың әкімдері:

- 1) тендерлік негізде Сату жөніндегі операторды белгілесін;
- 2) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп

жанар-жағармай материалдары сатылатын қаржылық-тұрақты ауыл шаруашылығы
тауарын өндірушілердің тізбесін айқындасын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2000
жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.